

Қаражал қаласының Қоғамдық кеңесінің ҰСЫНЫМЫ

Қаражал қаласы

№ 4

2026 жылғы 26 маусым

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына, Қоғамдық кеңестер туралы Үлгілік ереженің 54- тармағына сәйкес Қаражал қаласы білім бөлімінің басшысы Гүлбану Серікқызы Райсованың ақпаратын тыңдап, талқылай келе **Қаражал қаласының Қоғамдық кеңесі ұсынады:**

1. Қаражал қаласы білім бөлімінің басшысы Г.С.Райсоваға (келісім бойынша):
 - 1) Басқа өңірлерден мамандар тарту, оларға жағдай жасау мәселелерін одан әрі жандандыру;
 - 2) Басқа өңірлерден келетін мамандарға бөлінген квотаны ұлғайту, олардың отбасы мүшелерін жұмыспен қамтамасыз ету бойынша Мансап орталығымен жұмыс жүргізу;
 - 3) Аймақтың білім сапасын артыру бойынша жұмысты жандандыру;
 - 4) Оқу орындарында, балабақшаларда жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының сапасы мен мерзімдерін қатаң бақылауда ұстау;
 - 5) Балаларды тасымалдау мәселесін басты назарда ұстау, оның нәтижесі туралы ақпаратты **10-шілдеге** ұсыну;
 - 6) Осы ұсынымдардың орындалу барысы туралы ақпаратты қалалық мәслихат аппаратына **2026 жылдың 01 тамызына** дейін тапсыру ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына, Қоғамдық кеңестер туралы Үлгілік ереженің 54- тармағына сәйкес Қаражал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Жанар Абдіғазымқызы Ильясованың ақпаратын тыңдап, талқылай келе **Қаражал қаласының Қоғамдық кеңесі ұсынады:**

1. Қаражал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Ж.А.Ильясоваға:

- 1) Коммуналдық меншікке тиеселі тұрғын үйлерді, пәтерлерді және бос тұрған үйлер мен пәтерлерді аралау тәсілімен анализ жүргізу;

- 2) Мәслихат депутаттары мен Қоғамдық кеңес мүшелерін, төтенше жағдайлар бөлімі, өртке қарсы қызмет бөлімі өкілдерін, полиция қызметкерлерін, ЖАО басшыларынан қоса отырып арнайы топ құрып, тұрғындармен жылу маусымына дайындық жұмыстары бойынша кездесулер өткізу, АСОларға қосылу қажеттігі жайлы түсіндіру жұмыстарын жүргізу, ескертулер тарату;

- 3) Жергілікті бюджеттен көбейінді орталыққа бөлінген қаражаттың пайдаланылмаған бөлігін қайтып алып, қаламыздағы № 8, 10 үйлердің шатырларын жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесін қарастыру;

- 4) Көпбейінді орталықты абаттандыру жұмыстарын келесі жылға қалдырыа тұру;

5) Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бос тұрған тұрғын үйлердің есіктері мен терезелерін жабу мәселесін шешу;

6) Жылыту маусымына қажетті қаражатты тез арада қарастырып, тиісті жұмыстарды бастау;

7) Жәйрем кенті, Металлургов көшесі №37 үйдің жер төлесінің ішіндегі қоқыстарын тазалау және дезинфекция жүрізу;

8) Осы ұсынымдардың орындалу барысы туралы ақпаратты қалалық мәслихат аппаратына **2026 жылдың 10 шілдесіне** тапсыру ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына, Қоғамдық кеңестер туралы Үлгілік ереженің 54- тармағына сәйкес бүгінгі отырыстағы ақпараттар мен есептерді тыңдап, талқылай келе **Қаражал қаласының Қоғамдық кеңесі ұсынады:**

- Қала әкімінің орынбасары **А.Б.Наукеновке** – жылу беру маусымына дайындық жұмыстарының барысы туралы – 2 аптадан кейін қайта есеп беру ұсынылсын.

- Қала әкімінің аппарат басшысы **Ж.Оқасоваға** - қала әкімінің атына Қоғамдық кеңестен түскен ұсынымдар мен хаттардың тиісті мекемелер мен кәсіпорындарға уақытылы жолдауы мен олардың орындалуын қадағалау тапсырылсын.

Қоғамдық кеңес хатшысы **Р.М.Сембекке:**

1) «Балбөбек» балабақшасының жөндеу жұмыстарын қалалық мәслихат депутаттары мен Қоғамдық кеңес мүшелерінен құрылған мониторингтік топтың жұмыс жоспарына қосуын қамтамасыз ету.

2) Қоғамдық кеңес отырысының «Аймақтың архитектуралық келбеті туралы» хатамасының көшірмесін Қаражал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Ж.Ильясоваға жолдау.

3) Жылу беру маусымына дайындық жұмыстары туралы болатын отырысқа коммуналдық мекеме жұмыскері Д.Омаровты шақыру.

4) Осы отырыста қаралған мәселелердің стенографиялық хаттамасын әзірлеу.

5) Отырыс қортындысы бойынша Қоғамдық кеңестің ұсынымын дайындау, жолдау және орындалуын бақылау тапсырылсын.

Қоғамдық кеңес төрағасы


А.Такибаев